



№35 (8239)

3 қыркүйек
БЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Кен Жылой

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



ken-zhyloi.kz



Ken-Zhylyoi@mail.ru



zhylyoi_press



zhylyoi_press



zhylyoi_press



zhylyoi_press



zhylyoi_press

* Ресми

«ҰЛТ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН БИІК ТҰРУҒА ТИІС»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі

Құрметті Құрылтай депутаттары,
Үкімет мүшелері!
Қадірлі қауым!

Баршаңызға бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуы құтты болсын!

Бүгін еліміз өзінің даму жолында аса маңызды кезеңге аяқ басты. Бұл – мемлекетіміз үшін мән-мағынасы айрықша оқиға, тарихи сәт. Біз ұлт жылнамасының жаңа парағын ашып отырмыз.

Бүгін жалпыұлттық референдум кезінде Қазақстан халқы қолдаған жаңа Конституцияға сәйкес еліміздің бір палаталы заң шығарушы органы – Құрылтай ресми түрде өз жұмысына кіріседі. Бұл – мемлекетіміздің саяси жүйесінің жаңару үдерісі дәл осы күннен бастау алады деген сөз.

Төл тарихымызға зер салсақ, Құрылтайда мемлекеттік маңызы бар мәселелер кеңінен талқыланып, ортақ шешімдер қабылданған. Бұл институттың жаңа кезеңде де жөні бөлек болары анық. Себебі Құрылтай билік жүйесін түбегейлі жаңғыртады, бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін береді. Құрылтай ұлттық заңнама сапасын арттыру арқылы еліміздің құқықтық негізін нығайта түседі.

Осы тарихи миссияны атқару сіздерге жүктеліп отыр. Құрылтайдың бірінші шақырылымының депутаты болу – ең алдымен, ерекше сәт. Бұл – үлкен бақыт деп айтсақ, қате болмас. Осы аса абыройлы атқа сай лайықты қызмет етесіздер деп сенемін!

Азаматтар елімізде жүзеге асып жатқан ауқымды өзгерістерді жаппай қолдауда. Мұны Құрылтай сайлауы айқын аңғартты. Осы науқанға азаматтарымыздың 74 пайыздан астамы қатысып, дауыс берді. Халқымыз ел тағдырына әсер ететін тарихи таңдауын жасады. Жұртымыз бүл іске зор жауапкершілікпен қарап, қоғамымыздың ауызбіршілігін паш етті. Осылайша, ел бірлігінің мызғымас тірегіне айналған «Әралуан пікір – біртұтас ұлт» қағидаты нақты жүзеге асты.

Құрылтай сайлауына шетел азаматтарының қызығушылығы өте жоғары болды. Қазақстанға



беделді халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттен 800-ге жуық байқаушы келді. Бұл – ұлттық парламентаризм тарихындағы ең жоғары көрсеткіш.

Сайлау ашық әрі әділ өтті, өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бүгінде азаматтарымыз саясатқа оң көзбен қарап, қоғамдық істерге белсене араласатын болды. Бұл – жақсы үрдіс. Мұны жұртшылықтың депутаттарға қоятын талабы әрдайым жоғары болады деп түсінген жөн.

Қазіргі заман құр уәденін, жалған сөз бен жалаң ұранның уақыты емес. Біздің қоғам кемелдене бастады. Ел ішінде кәсіби Парламентке деген сұраныс артқанын көріп отырмыз. Құрылтайға білікті мамандардың келуі – осының айқын дәлелі. Әрине, бәсекеңіз аты – бәсеке. Біреу ұтады, біреу ұтылады. Алайда елімізде өз пікірін білдіруге, өз көзқарасын айтуға неше түрлі тетік бар. Заңымызға сай келетін түрлі мардымды пікірлер, ұсыныстар неғұрлым көп айтылса, елімізге де соғұрлым тиімді болады, нақты пайдасы тиеді.

алған бағыттарынан таймай, сайлаушылармен жұмысты жалғастыра беруі керек. Сонда ғана саяси ұйымдардың беделі күшейе түседі.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, партиялар ұсынған бағдарламалардың мазмұнына ерекше тоқталғым келеді. Бұл құжаттарда тың идеялар, тиімді ұсыныстар бар. Оның бәрі де алдағы жұмыс барысында мұқият сараланады. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін ең ұтымды шешімдер Үкіметтің жұмысында ескерілуге тиіс.

Сайлауда «Әділет» партиясы басым дауыспен жеңіске жетіп, Құрылтайда конституциялық көпшілікті құрап отыр. Сондықтан «Әділет» партиясына қойылатын талап та, артылатын үміт те, сенім де аса жоғары. Осы орайда, қоғамды ортақ мүддеге ұйыстырып, реформалардың қозғаушы күші болу өте маңызды. Бұл міндет ойдағыдай орындалады деп сенемін.

Жалпы, Құрылтайдың алғашқы құрамына айрықша жауапкершілік жүктеледі. Депутаттар халықтың аманатына адал болып, мемлекет мүддесіне қызмет етуі керек. Бұл – анық ақиқат. Мұны ешқашан естен шығармау қажет.

Қазіргі таңда еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Қазақстан жаңа орлеу кезеңіне қадам басты. Биыл еліміздің болашағы үшін мән-маңызы зор көптеген тарихи оқиғалар болды. Халқымыз аз уақыт ішінде бір ұлт болып көп жұмыс атқарды. Елімізде жалпыұлттық референдум арқылы ауқымды конституциялық реформа табысты жүзеге асырылды. Осылайша, біз нағыз Халық Конституциясын қабылдадық.

Жаңа Конституцияның өз күшіне енуін төл тарихымыздағы аса маңызды бетбұрыс деп бағалауға болады. Соның нәтижесінде өсіп-өркендеуімізге жол ашатын мықты заңды негіз қалыптасты. Қазіргі заманның сын-қатерлеріне төтеп бере алатын мүлде жаңа саяси-құқықтық жүйенің іргетасы қаланды. Бұл жүйе мемлекет құрылымын толық жаңғыртып, билік институттарының тиімділігін арттырады, сондай-ақ, азаматтарымыздың ел басқару ісіне атсалысуына нақты мүмкіндік береді.

(Жалғасы 2-бетте)

Тұрғын-Мәжбүрлі аудандық қоғамдық-саяси газеті Қадірлі мұнай-газ саласының қызметкерлері мен ардагерлері!

«Тенішевстрой» ЖШС ұжымы атынан баршаңызды Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мұнай-газ саласы тәуелсіз Қазақстан экономикасына дем беріп отырған негізгі салалардың бірі екені сөзсіз. Өндірістегі әрбір жетістік, іске асырылған әрбір жоба мен саланың даму жолындағы әрбір жаңа кезеңнің артында күн сайын жауапты шешімдер қабылданып, түрлі жағдайда еңбек етіп, жаңа бастамаларды жүзеге асырып, өз еңбегімен еліміздің өркендеуіне үлес қосып жүрген білікті мамандар тұр.

«Тенішевстрой» құрылған күнінен бастап мұнай-газ саласының мыңдаған мамандарымен иық тіресе еңбек етіп келеді. Біз біржолата ауқымды жобаларды жүзеге асырып, технологиялық жасағыру кезеңдерінен өтіп, көптеген маңызды жетістіктерге қол жеткіздік. Алайда өзінің еңбегі, білімі мен қызметке адалдығының арқасында сала дамуына атсалысып жүрген жандар ордайым саланың басты құндылығы да, негізгі жетістігі болып қала бермек.

Отыз жылдан астам уақыт бойы ТШО Қазақстан экономикасы мен Атырау облысының дамуына ежелгі үлес қосып келеді. Компания құрылғаннан бері Қазақстан Республикасына тікелей төлемдері шамамен 217 миллиард АҚШ доллары болса, 2026 жылдың алғашқы алты айының өзінде бұл көрсеткіш шамамен 5,5 миллиард АҚШ долларына жетті. Сонымен қатар ТШО отандық бизнесті дамытуға үздіксіз қолдау көрсетіп, қазақстандық мамандарды оқытуға инвестиция салып, өндірістік қызметкерлерді іске асырып келеді.

Жергілікті қауымдардың әлеуетін дамыту бағытындағы жетістіктер де ерекше маңызға ие. Бүгінде ТШО қызметкерлерінің 96 пайызы Қазақстан Республикасының азаматтары, ал жоғары және орта буын басшыларының 90 пайызын қазақстандық мамандар құрап отыр.

Қазақстан мұнай өнеркәсібінің қалыптасуы мен дамуының бастауында тұрған, кейінгі ұрпақ үшін өндірістің берік іргетасын қалап кеткен сала ардагерлеріне ерекше алғысымызды білдіреміз. Сондай-ақ үздік кәсіби дәстүрлерді сақтап, саланың жасарқан болашағын қалыптастыруға өз үлесін қосып жүрген жас мамандарға да ризашылығымызды білдіреміз.

Осы мерекелі күні барлық мұнайшыларды, мердігерлік және сервистік ұйымдардың қызметкерлерін, сала ардагерлерін және олардың отбасы мүшелерін шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге зор денсаулық, амандық, қауіпсіз еңбек, жаңа кәсіби жетістіктер және ертеңгі күнге деген сенім тілейміз.

Атқарып отырған кінәсіздігіңіз, жоғары кәсібилігіңіз бен татпаған ісіңізге деген адалдығыңыз үшін көптеген алғыс айтамыз. Мұнай-газ саласының әрі қарай да қарқынды дамып, Қазақстанның дүниежүзілік энергетика нарығындағы мәртебесінің нығая түсуіне бірден-бір себебі – ең алдымен сіздердің. Ендеше баршаңызды тағы бір мәрте келе жатқан кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймыз!

Уильям ЛАКОБИ,
«Тенішевстрой» ЖШС
Бас директоры

Қуанышкерей МҰХТАРОВ,
«Тенішевстрой» ЖШС
Бас директорының орынбасары



* Білім

Сыңғырла, алғашқы

қоңырау!



Салтанатты шараға аудан әкімі Жұмабек Қаражанов арнайы қатысып, білім ұясының алғашқы оқушыларына сәттілік тіледі.

Заманауи талапқа сай салынған мектеп енді балалардың білім алатын ғана емес, шығармашылықпен айналысып, жаңа технологияларды меңгеріп, өз қабілетін шындайтын үлкен алаңға айналмақ. Өйткені білім ордасы 52 оқу кабинетімен ғана шектелмей, балалардың жан-жақты дамуы үшін STEM және робототехника кабинеттерімен, бұдан бөлек музыкалық және хореографиялық кабинеттермен жасалған. Олардың барлығы интерактивті тактамен, қажетті техникалық және көрнекі құралдармен жабдықталған. Оқушылардың игілігіне 133 компьютер мен 103 ноутбук ұсынылып, информатика кабинеттеріне 3D принтерлер мен өзге де арнайы құрылғылар орнатылған. Химия, физика және биология кабинеттері заманауи зертханалық құралдармен жабдықталып, оқушылардың

1 қыркүйек күні ауданымыздағы су жаңа «Келешек» мектебінің есігі айқара ашылып, алғашқы қоңырау соғылды. 1200 оқушыға арналған заманауи білім ордасына алғашқы оқу жылында 850 шәкірт қабылданып, оның 114-і 1-сыныпқа қадам басты. Сондай-ақ 42 мұғалім жұмысын бастады.

теориялық білімін тәжірибе жүзінде бекітуіне жағдай жасалған. Мұнда ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға да арнайы кабинеттер ашылып, ғимаратта лифт орнатылған. Мектептің бастауыш және жоғары сынып оқушыларына арналған екі спорт залы бар. Ал білім ордасының ауласында футбол, баскетбол және волейбол алаңдары мен бастауыш сынып оқушыларына арналған ойын алаңдары қатар орналасқан.

Білім мен тәрбие қатар жүретін мектепте кітапхана мен жайлы оқу залы, медициналық пункт те қарастырылған. 260 орындық Акт залы заманауи LED экранмен жабдықталып, 338 оқушыға бір мезетте қызмет көрсете алатын кең әрі жарық асхана өз жұмысын бастады. Әр оқушыға жеке шкаф беріліп, үзіліс уақытында демалуға арналған арнайы орындар да ұйымдастырылған. Бұл ретте қауіпсіздік мәселесі де назардан тыс қалмады. Мектеп ғимараты аумағында жалпы саны 150 бейнебақылау камерасы орнатылған. Оның 114-і ғимарат ішінде болса, 36 камера мектеп аумағын бақылайды. Сонымен қатар үш дабыл нүктесі іске қосылған. Оқушылардың қауіпсіз әрі ыңғайлы қозғалысы үшін бастауыш және жоғары сыныптарға арналған жеке кіреберістер де қарастырылған.

Д.ІЗБАСАРҚЫЗЫ